**Құқық қорғау қызметіне және азаматтық қорғау органдарындағы қызметке кіретін азаматтарды тесттен өткізуді ұйымдастыру, бағдарламалары және қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 20 қыркүйектегі № 1 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 10 қазанда № 14317 болып тіркелді.

Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 20.08.2025 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 29.11.2022 № 240 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Құқық қорғау қызметіне кіретін азаматтарды тесттен өткізуді ұйымдастыру, бағдарламалары және қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 29.11.2022 № 240 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Мемлекеттік қызмет департаментімен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуі;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның мерзімдік баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жолдануы;

3) осы бұйрықты алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануы;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ресми интернет-ресурсына жүктелуі қамтамасыз етілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы

іс-қимыл агенттігі төрағасының мемлекеттік қызмет мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2016 жылғы 20 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 31.12.2016 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

*Қазақстан Республикасының*
*Мемлекеттік қызмет істері және*
*сыбайлас жемқорлыққа қарсы*
*іс-қимыл агенттігінің төрағасы*

*Қ. Қожамжаров*

"Келісілді"
Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры
_______________ Ж. Асанов

"Келісілді"
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
________________ Б. Сұлтанов

"Келісілді"
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі
________________ Қ. Қасымов

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік қызмет істері және
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігі төрағасының
2016 жылғы 20 қыркүйектегі
№ 1 бұйрығымен
БЕКІТІЛДІ

**Құқық қорғау қызметіне және азаматтық қорғау органдарындағы қызметке кіретін азаматтарды тесттен өткізуді ұйымдастыру, бағдарламалары және қағидалары**

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 20.08.2025 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Құқық қорғау қызметіне және азаматтық қорғау органдарындағы қызметке кіретін азаматтарды тесттен өткізуді ұйымдастыру, бағдарламалары және қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына және 16-бабының 2-тармағына сәйкес, сондай-ақ "Құқық қорғау қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 7-тармағына сәйкес әзірленді.

Қағидалар құқық қорғау қызметіне және азаматтық қорғау органдарындағы қызметке кіретін азаматтарды (бұдан әрі – кандидат) Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамасын білуге арналған тесттен (бұдан әрі – тестілеу) және жеке қасиеттерін бағалаудан өткізуді ұйымдастыру, бағдарламалары және қағидаларын, сондай-ақ тестілеу нәтижелеріне шағым жасау тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 20.08.2025 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Тестілеу Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді, мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді және құқық қорғау қызметіне және азаматтық қорғау органдарындағы қызметке кіретін азаматтарды тестілеу рәсімдерін техникалық қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсетуге шарт жасалған заңды тұлғаның қызметкері болып табылатын тестілеу операторының (бұдан әрі – оператор) қатысуымен өткізіледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 20.08.2025 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Тестілеу рәсімдерін техникалық қамтамасыз етуді, тест тапсырмаларының дерекқорын қалыптастыруды және оларды жаңартуды Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік әкімшілік қызметшілерді, мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді, құқық қорғау қызметіне және азаматтық қорғау органдарындағы қызметке кіретін азаматтарды тестілеу рәсімдерін техникалық қамтамасыз ету бойынша қызметтер көрсетуге шарт жасалған заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 20.08.2025 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**2-тарау. Құқық қорғау қызметіне және азаматтық қорғау органдарындағы қызметке кіретін азаматтарды тестілеу**

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 20.08.2025 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Көрсетілетін қызметті беруші тестілеуді азаматтардың өтініш білдіруі бойынша өткізеді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 09.02.2024 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.01.2024 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады) бұйрығымен.

5. Тестілеуге Қазақстан Республикасының жасы он сегізге толған азаматтары қатыса алады.

5-1. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидалардың 1-1-қосымшасында келтірілген.

Мемлекеттік қызмет саласындағы уәкілетті органы көрсетілетін қызметті берушіні, "электрондық үкімет" ақпараттық-коммунткациялық инфрақұрылым операторын, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығын Қағидаларға өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілген күннен бастап ол туралы үш күн ішінде хабардар етеді.

Ескерту. 5-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 14.05.2020 № 79 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 29.11.2022 № 240 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

6. Кандидаттар тестілеуге қатысу үшін тестілеу күніне дейін бір күнтізбелік күннен кешіктірмей осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысандағы "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы өтініш (бұдан әрі – өтініш) тапсырады.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметті көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электронды үкімет" шлюзі арқылы алады.

Портал арқылы жүгінген кезде кандидаттың "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін өтініш қабылданғаны туралы жәй-күйі көрсетіледі.

Құжаттардың қабылданғанын растау осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызмет берушінің электронды цифрлы қолтаңбасы қойылған тестілеудің күні, уақыты және өтетін орны көрсетілген қолхат болып табылады.

Кандидат Тізбенің 8-тармағымен көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Кандидаттар тестілеуге қатысу үшін құжаттарды "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы тапсыруға қатысты ақпарат пен кеңесті Бірыңғай байланыс орталығында ала алады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 29.11.2022 № 240 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Кандидат тестілеудің күнін және уақытын тестілеу өткізуге бар бос орындар негізінде тестілеу күніне дейін бір күнтізбелік күннен кешіктірмей таңдайды.

Тестілеуге жазылу осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысанда қолхатпен расталады.

7.1 Тестілеуден өтуден бас тарту негіздері Тізбенің 9-тармағында көрсетілген.

Ескерту. 7-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 14.05.2020 № 79 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 29.11.2022 № 240 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

8. Кандидат осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес Құқық қорғау қызметіне және азаматтық қорғау органдарындағы қызметке кіретін азаматтарды Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамасын білуге арналған тестілеу бағдарламалары (бұдан әрі – тестілеу бағдарламалары) бойынша тестілеуден оның өтінішінде көрсеткен құқық қорғау қызметі және азаматтық қорғау органдарындағы қызмет лауазымының санаты бойынша өтеді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 20.08.2025 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін білуге арналған тестілеуден өту үшін мән белгіленбейді.

10. Тестілеуге жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) бар Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаты, не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжаты (сәйкестендіру үшін) бар адамдар жіберіледі.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 29.11.2022 № 240 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Тестілеу басталғанға дейін оператор тестіленуші адамдар үшін тестілеу бойынша нұсқаулық өткізеді және оларда туындаған сұрақтарға жауап береді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 06.03.2019 № 59 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Тестілеу өткізу басталғанға дейін өзін нашар сезінген кандидаттар ол туралы операторға хабарлайды. Бұл жағдайда ол осындай кандидаттарды тестілеу осы күнгі басқа уақытта немесе тестілеу кестесіне сәйкес басқа күні өткізіледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 06.03.2019 № 59 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Тестілеу уақытын көрсетілетін қызметті беруші айқындайды.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 09.02.2024 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.01.2024 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады) бұйрығымен.

14. Тестілеу залы ұялы байланысты тұншықтыратын құралмен, кандидатты сәйкестендіру мақсатында карт-ридермен, сонымен қатар тестілеу процессінің бейне- және аудиожазбасын жүргізу үшін техникалық жазба құралдарымен жабдықталады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 31.05.2017 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Әрбір жұмыс станциясы кандидатты суретке түсіру және тестілеу процесіне бейне жазба жүргізу үшін веб-камерамен жабдықталады.

16. Тестілеуден өтетін адамдар басқа адамдармен сөйлеспейді, материалдармен алмаспайды, қағаз, электрондық және өзге де ақпараттарды қолданбайды, орын-жайды тастап кетпейді.

Тестілеуден өтетін адамдарға тестілеу залына қабылдайтын-беретін электрондық құрылғылар (оның ішінде ұялы телефондар мен өзге де электрондық жабдықтар) кіргізуге рұқсат берілмейді. Мұндай құрылғылар тестілеуді өткізу уақытында ұяшықтары бар арнайы шкафтарға сақтауға салынады.

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 31.05.2017 № 115 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Тестіленуші кандидат осы Қағидалардың 16-тармағының талаптарын бұзған жағдайда, оператор осындай кандидаттың тестілену процесін тоқтатады және оны тестілеу үшін арналған үй-жайдан шығарып жібереді.

Бұл ретте оператор бір жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Құқық қорғау қызметіне және азаматтық қорғау органдарындағы қызметке кіретін азаматтарды тесттен өткізуді ұйымдастыру, бағдарламалары және қағидаларын бұзу туралы актіні (бұдан әрі – бұзу туралы акт) толтырады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 20.08.2025 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17-1. Тестілеуге кіргізу кезінде немесе тестілеуді өткізу барысында жалған адам анықталған жағдайда аталған адам тестілеуге жіберілмейді немесе оператор осындай адамның тестілену процесін тоқтатады және оны тестілеу үшін арналған үй-жайдан шығарып жібереді.

Бұл ретте оператор осы Қағидалардың 4-1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Тестілеу кезінде жалған адамды анықтау туралы актіні толтырады.

Ескерту. 17-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 14.05.2020 № 79 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Тестілеуді еңсерілмейтін күш жағдайлары (дүлей апаттар, әскери қимылдар және тағы басқалары), салдарынан, сонымен қатар техникалық ақаулықтарға байланысты себептермен жалғастыру мүмкін болмаған жағдайда тестілеу тоқтатыла тұрады.

Мұндай жағдайда осы Қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес нысандағы тестілеуді тоқтата тұру туралы акт жасалады, ал тестілеу осы күнгі басқа уақытта немесе тестілеу кестесіне сәйкес басқа күні өткізіледі.

19. Тестілеуге берілген уақыт біткенде, тестілеу автоматты түрде жабылады.

20. Тестілеудің дұрыс жауаптарын есептеу компьютерлік тестілеу бағдарламасының көмегімен автоматты түрде жүзеге асырылады.

21. Тестілеу аяқталғаннан кейін жиырма минуттан кеш емес уақытта адамдарға тестілеу нәтижелері беріледі.

22. Кандидат тестілеу бағдарламаларында көрсетілген мәндерден төмен емес тестілеудің нәтижесін алған жағдайда осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Е-қызмет" интегралды ақпараттық жүйесінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамасын білуге арналған тестілеуден өту туралы сертификат қалыптастырылады.

Тестілеудің бірінші бағдарламасы бойынша тестілеу нәтижелері бірінші, екінші және үшінші тестілеу бағдарламаларына жататын құқық қорғау қызметі және азаматтық қорғау органдарындағы қызмет лауазымдарының санаттарына жарамды.

Тестілеудің екінші бағдарламасы бойынша тестілеу нәтижелері екінші және үшінші тестілеу бағдарламаларына жататын құқық қорғау қызметі және азаматтық қорғау органдарындағы қызмет лауазымдарының санаттарына жарамды.

Тестілеудің үшінші бағдарламасы бойынша тестілеу нәтижелері үшінші тестілеу бағдарламасына жататын құқық қорғау қызметі және азаматтық қорғау органдарындағы қызмет лауазымдарының санаттарына жарамды.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 20.08.2025 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Тестілеу нәтижелері оның өткізілген күнінен бастап бір жылдың ішінде жарамды.

Қазақстан Республикасының барлық аумағында төтенше жағдай енгізілген кезде Сертификаттың жарамдылық мерзімі енгізілген төтенше жағдай кезеңіне тоқтатыла тұрады.

Берілген Сертификаттың жарамдылық мерзімі ішінде азамат сол Сертификат жарамды болып табылатын тестілеу бағдарламасы бойынша қайта тестілеуден өтпейді.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 20.08.2025 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. Тестілеу бағдарламаларында көрсетілген мәндерден төмен тестілеу нәтижелерін алған кандидаттарға осы Қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысанда мәндерден төмен нәтижелермен тестілеу өткендігі туралы анықтама беріледі.

Тестілеуде белгіленген мәндерден төмен нәтиже алған кандидаттарға қайта тестілеуге алдыңғы тестілеу өткізілген күннен бастап күнтізбелік үш күннен кем емес мерзімнен кейін жол беріледі.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 20.08.2025 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Кандидаттар осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамасын білуге арналған тестілеудің нәимжелерін электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда "электрондық үкімет" веб-порталы немесе Мемлекеттік корпорацияға жүгіну арқылы ала алады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 06.03.2019 № 59 (15.03.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**3-тарау. Кандидаттардің жеке қасиеттерін бағалауды жүргізу тәртібі**

26. Кандидаттардың жеке қасиеттерін бағалау тестілеу нысанында жүргізіледі.

27. Кандидаттардың жеке қасиеттерін бағалауға тестілеу олардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамасын білуге арналған тестілеуді аяқтағаннан кейін жиырма минуттан кешіктірілмей жүргізіледі. Бұл ретте, жеке қасиеттерін бағалау тестілеуіне тестілеу бағдарламаларында көрсетілген мәндерден төмен емес Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамасын білуге арналған тестілеу нәтижелерін алған кандидаттар жіберіледі.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 06.03.2019 № 59 (15.03.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Тестілеу бағдарламаларында көрсетілген мәндерден төмен емес тестілеу нәтижелерін алған және жеке қасиеттерін бағалауға тестілеуге осы Қағидалардың 27-тармағында белгіленген мерзімде келмеген кандидаттар жеке қасиеттерін бағалауға тестілеуге осы Қағидалардың 7-тармағында белгіленген тәртіпте қатысуға жіберіледі.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 06.03.2019 № 59 (15.03.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Кандидат осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес құқық қорғау қызметі және азаматтық қорғау органдарындағы қызмет лауазымдарына орналасуға кандидаттардың жеке қасиеттерін бағалауға арналған тестілеу бағдарламалары бойынша жеке қасиеттерін бағалауға тестілеуден оның өтінішінде көрсеткен құқық қорғау қызметі және азаматтық қорғау органдарындағы қызмет лауазымының санаты бойынша өтеді.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 20.08.2025 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Кандидаттың жеке қасиеттерін бағалауға тестілеудің нәтижелері бойынша "Е-қызмет" интегралды ақпараттық жүйесінде осы Қағидалардың 10-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жеке қасиеттерін бағалауға тестілеудің нәтижелері бойынша қорытынды қалыптастырылады.

Кандидаттың жеке қасиеттерін бағалауға тестілеудің нәтижелері бойынша қалыптастырылған қорытындылары тестілеу өткізілген күннен бастап бір жыл ішінде жарамды.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 06.03.2019 № 59 (15.03.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**4-тарау. Тестілеу нәтижелеріне шағым жасау тәртібі**

31. Тестілеуден өту мәндерден төмен тестілеу нәтижелерін алған кандидаттар уәкілетті органның апелляциялық комиссиясына апелляцияға шағымдарын бере алады.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 14.05.2020 № 79 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Тестілеу бағдарламаларында көрсетілген тестілеу мәндерінен төмен нәтиже алған кандидаттардан осы Қағидалардың 11-қосымшасына сәйкес нысандағы апелляцияға өтініш апелляциялық комиссия төрағасының атына жеке беріледі. Апелляцияға өтініш тестілеуден өткен күннен кейін он күнтізбелік күн ішінде қабылданады және апелляциялық комиссияның отырысында апелляциялық комиссиямен айқындалған кестеге сәйкес қарастыралады.

Апелляциялық комиссияның отырысы қажеттілігіне қарай, түскен шағымдардың санына байланысты өткізіледі.

32-1. Апелляцияға кандидаттан келесі шағымдар қабылданады:

1) нақты сұрақтардың қисындығына шағымдану;

2) техникалық ақаулықтарға сілтеме жасап, тестілеу нәтижелеріне шағымдану;

3) тестілеу қағидаларын бұзу туралы актіге шағымдану;

4) тестілеудің қалыпты барысына кедергі болған жағдайларға сілтеме жасап, тестілеу нәтижелеріне шағымдану.

Ескерту. 4-тарау 32-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 31.05.2017 № 115 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32-3. Тест тапсырмаларын, сондай-ақ кандидаттың тестілеу рәсімінің бейне және аудиожазбаларын көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) сұрауы бойынша апелляциялық комиссияға береді.

Бұл ретте, тест тапсырмалары кандидаттарға танысу үшін ғана беріледі.

Ескерту. 4-тарау 32-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 31.05.2017 № 115 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 09.02.2024 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.01.2024 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады) бұйрықтарымен.

32-3. Тест тапсырмаларын, сондай-ақ кандидаттың тестілеу рәсімінің бейне - және аудиожазбаларын апелляциялық комиссияға сұрау бойынша Орталық береді.

Бұл ретте, тест тапсырмалары кандидаттарға тек танысу үшін ғана беріледі.

Ескерту. 4-тарау 32-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 31.05.2017 № 115 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Апелляциялық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның шешімдері екі данада жасалуы және осы отырысқа қатысқан апелляциялық комиссияның барлық мүшелерімен қол қойылуға тиіс хаттамалармен рәсімделеді. Апелляциялық комиссияның отырысы хаттамасының екінші данасы көрсетілетін қызметті берушіге жіберіледі және бір жыл ішінде сақталады.

Апелляциялық комиссияның шешімі мүшелердің жалпы санының кемінде 2/3 ( үштен екісі) қатысқан жағдайда құқылы болады.

Апелляциялық комиссия кемінде бес мүшеден, соның ішінде төрағадан тұрады.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 09.02.2024 № 33 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 01.01.2024 бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады) бұйрығымен.

34. Апелляциялық комиссия апелляцияға берілген шағымды қарастыру нәтижесі бойынша апелляция түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде екі шешімнің бірін қабылдайды:

1) апелляцияны қанағаттандырусыз қалдыру;

2) кандидаттың апелляциясын қанағаттандыру және оны тестілеуді қайта тапсыруға жіберу.

Кандидаттың апелляциясы қанағаттандырусыз қалдырылған жағдайда оған тестілеуді қайта тапсыруға тестілеу өткізілген күннен бастап күнтізбелік он бес күннен кем емес мерзімнен кейін жол беріледі.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 14.05.2020 № 79 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 5-тарау. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) олардың қызметкерлерінің тестілеуден өту мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 5-тараумен толықтырылды – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 14.05.2020 № 79 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

35. Көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған көрсетілетін қызметті берушінің басшысына, көрсетілетін қызметті берушіге беріледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі - шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды көрсетілетін қызметті беруші адам шағым келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші, шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адам, егер ол үш жұмыс күні ішінде шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын шешім не өзге де әкімшілік әрекет қабылдаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермеуге құқылы.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, шағым берілгеннен кейін сотқа дейінгі тәртіппен сотқа жүгінуге жол беріледі.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 29.11.2022 № 240 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, кандидаттың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

Құқық қорғау қызметіне және
азаматтық қорғау
органдарындағы қызметке
кіретін азаматтарды тесттен
өткізуді ұйымдастыру,
бағдарламалары және
қағидаларына
1-қосымша

**Өтініш**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 20.08.2025 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мені Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамасын білуге арналған құқық қорғау қызметінің және азаматтық қорғау органдарындағы қызметтің _______

бағдарламасы бойынша және жеке қасиеттерді бағалауға құқық қорғау қызметінің және азаматтық қорғау органдарындағы қызметтің ______ бағдарламасы бойынша тестілеуге жіберуіңізді сұраймын.

Құқық қорғау қызметіне және азаматтық қорғау органдарындағы қызметке кіретін азаматтарды тесттен өткізуді ұйымдастыру, бағдарламалары және қағидаларының негізгі талаптарымен таныстым, келісемін және оларды орындауға міндеттенемін.

Тестілеу өту мекенжайы: _______________.

Тестілеу өтуді қалаған күні: ____________.

Тестілеу өтуді қалаған уақыты: _________.

"___" _____________20 __ ж

Құқық қорғау қызметіне және азаматтық қорғау органдарындағы қызметке кіретін азаматтарды тесттен өткізуді ұйымдастыру, бағдарламалары және қағидаларына
1-1-қосымша

Ескерту. 1-1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 14.05.2020 № 79 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 20.08.2025 № 137 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

| "Мемлекеттік қызметшілерді, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға үміткерлерді, құқық қорғау қызметіне және азаматтық қорғау органдарындағы қызметке кіретін азаматтарды тестілеу" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі | | |
|---|---|---|
| 1 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы | Мемлекеттік қызметшілерді, бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға үміткерлерді, құқық қорғау қызметіне және азаматтық қорғау органдарындағы қызметке кіретін азаматтарды тестілеу |
